



Мал азығының ерекше түрі

Мал азығы ретінде пайдаланылатын кәдімгі жемнің сапасын арттыра отырып, сүттің өнімділігін 20-40 пайызға ұлғайтқан ғалым Юрий Балджи мал денсаулығын сақтаудың жолын да ұсынып отыр.

Астанадағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің ғалымдар тобы ерекше құрама жем әзірлеп, мол пайдаға кенеліп отыр. Мал азығы ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселенің бірі екені анық. Оның жыл өткен сайын құзырлы органдардан бастап қарапайым шаруаның бас ауруына айналуы да сондықтан. Еліміздің жер көлемі үлкен болғанымен мал азығының жетіспеушілігі және оның сапасының төмендігі анық байқалып отыр. Өкініштісі мәселе жыл өткен сайын күрделеніп барады. Мұның қандай шешімі бар? Бұл туралы Отандық ғалым былай дейді.

– Біз Астана маңынан үш бірдей құрама жем өндіру цехын ашып, жұмыс істеуді бастадық. Өнімімізді «BioFeed» деп атадық. Бұл – фитобиотикалық жем қоспасы. Негізінен ірі қара малдың өнімділігін арттыру үшін дайындалады. Өздеріңіз білесіздер, кез келген мал күйіс қайтарады. Біздің өнім олардың ас қорытуының физиологиялық үдерістерін ынталандыруға арналған биологиялық белсенді заттардың көзі болып саналады. Екінші жағынан биологиялық белсенді азық қосымшасы малдың иммунитетін арттыруда септігі мол, – дейді Юрий Балджи.

Кейде біз отандық ғалымдардың жасап шығарған өнімдеріне сенімсіздік, немқұрайдылық танытатынымыз

бар. Біз ғалымнан аталған жем қоспасының мал үшін, оның өнімін тұтынушы адам үшін зияны бар-жоғын сұрап білдік. Аталған азықтың құрамы мен жасалу жолдарына да қызығушылық таныттық.

– Бұл – биологиялық белсенді компоненттер. Біз өнімдерімізге химиялық заттар қоспаймыз. Химияның адам мен жан-жануар үшін тіпті экология мен тағам саласында да аса қауіпті екені белгілі. Егер өнімдерімізден химиялық құрам анықталса, жағдай қиын болады, – дейді ғалым.

Қысқасы, жаңа азық түрін жеген мал түлігі ас қорытуға артық энергия жұмсамайды. Осылайша, өнімділік қасиеттері жақсара түседі.

– Құрама жемді дайындау жолы да өзгеше. Жем дайындау үшін әкелінген қарапайым тауарлық астық ең алдымен ғалымдар тарапынан тексеріліп, анализ жасалады. Егер шикізаттан қандай да бір зиянды әсерлер байқалатын болса, алдымен сол зиянкестің мал организміне түсіп кетпейтіндей етіп шаралар ұйымдастырылады. Яғни экструдтау әдісі қолданылады. Экструдтау дегеніміз – жемнің тағамдық құндылығы мен қауіпсіздігін арттыратын баротермиялық үдеріс. Экструзия екі үдеріске негізделген – температура және аса жоғары қысымның әсері. Өнімге осы екі әдісті қолданған сәтте жем құрамындағы мал организмі мен өніміне әсер ететін барлық зиянкес жойылады. Осыдан кейін барып қажетті мал азықтық дәрумендер мөлшерлемелері аса дәлдікпен енгізіледі. Бұл үдеріс аяқталған сәтте барып құрама жемді ширатып кептіріп дай-

ын өнім алынады. Бұдан бөлек бұл дайын жемнің органолептикалық, физикалық және химиялық көрсеткіштерін реттеуге мүмкіндік береді, – дейді Ю.Балджи.

Егер экструдтау әдісі қолданылмаған жағдайда малға берілген азықтың 50-55 пайызы қалдық ретінде сыртқа шығарылады. Ал экструдтау әдісі қолданылған құрама жем жеген малдан тек 5 пайызы ғана сыртқа шығады. «Біздің ғылыми дәлеліміз бойынша жемнің 95 пайызы азық ретінде малдың бойына дариды. Бұл өз кезегінде мал өнімінің ұлғаюына және етті малдың салмақ қосуына ерекше мүмкіндік береді», дейді ол.

Ғалымның айтуынша, жаңа өнімді пайдалана білген шаруа қожалықтары мал азығын екі есе үнемдейді.

Ғалымдар құрама жемді дайындау барысында оның құрамына фитобиотик қосатынын айтты. Фитобиотиктер дегеніміз – организмге ерекше әсер ететін әртүрлі өсімдіктердің сығындыларынан тұратын мал азығына пайдалы қоспа. Оның құрамында май қышқылдары (55%); флавоноидтар (6, 78%); органикалық қышқылдар (2,5%); фенол қышқылдары; көмірсулар; А, С, Р, В12 витаминдері; йод, мырыш, марганец, мыс, кобальт микроэлементтері; амин қышқылдары және фенолгликозидтер бар.

–Бұл қоспалардың барлығы дәлелденген және нақты пайдасы бар. Бұл жануарлардың сау болуына және төлінің сапалы болып қалыптасуына да кепілдік береді,–деп нақтылады ғалым.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жаһандық рецессияның ел экономикасына әсері

2022 жылы басталған тәуекелдер биыл тоқтап қалмайды. Керісінше, одан әрі өрши түсуі ықтимал. Әрине бірді-екілі жылымық үдеріс байқалып қалады. Мәселен, биыл Қазақстан экономикасы жақын және алыс көршілес елдердің инфляциялық қысымына ұшырауын жалғастыруына қарамастан, статистикалық деректер бүкіл әлемде инфляцияның баяулауын көрсетіп отыр. Наурыз айында Ресейде жылдық инфляция 3,5 пайызға, ал АҚШ-та 5 пайызға дейін төмендеген. Қытайда тұтынушылық инфляцияның өсу қарқыны наурызда 0,7 пайызға дейін баяулаған (соңғы бір жарым жылдағы ең төменгі көрсеткіш), ал өнеркәсіп тауарларының бағасы 2,5 пайызға дефляцияны көрсетеді. Елімізде де бағаның төмендеуі байқалады: ақпанда инфляция 21,3 пайызды құрады, ал наурызда өсу қарқыны 18,1 пайызға дейін төмендеді. Экономиканы қолданбалы зерттеулер орталығы (AERC) еліміздің қазіргі экономикалық ахуалына қатысты кезекті шолуын жария етті.

кіші 3,3 пайызға құлдырады. ТМД елдерінен импорт 6,9 пайызға азайды. Өзге елдерден келетін импорт 82 пайызға өсім көрсетті. Ресейді айналып өтіп, Ақтаудан Бакуге мұнай тасымалдау көлемінің 5 есе артуын жақсы жаңалық деп айтуға болады. Әрине бұл бағыт арқылы тасымалданатын көлем Ресей арқылы өтетін көлемді толық жаппайды. Соның өзінде тәуір көрсеткіш. Былтыр Ресейге балама жолдар арқылы тасымалданған мұнай көлемі 1,8 млн тонна болды. Дегенмен КТК мұнай экспортының негізгі және экономикалық жағынан ең тиімді бағыты болып қала береді, ол арқылы жеткізу 2022 жылы 1 пайызға қысқарды», делінген шолуда.

Рецессия тәуекеліне, Украинадағы қақтығыстың жалғасуына, сондай-ақ Тайвандағы текетіретің өршуіне қарамастан, AERC өзінің 2023 жылға арналған ІЖӨ болжамын жиынтық сұраныс моделі бойынша жақсартқан.

Базалық сценарий жағдайында, 2023 жылдың бірінші тоқсанында Brent маркалы



AERC сарапшыларының айтуынша, сыртқы «шоқтар» мен рецессия қаупіне қарамастан, ел экономикасы алған бағыттан жаңылмай, өсім динамикасын көрсетіп келе жатыр. 2023 жылдың қаңтар-ақпанының қорытындысы бойынша отандық экспорт 0,7 пайызға өскен. Ал жеткізу тізбегінің қалпына келуіне байланысты импорт көлемі 40 пайызға артқан. Олардың мәлімдеуінше, еліміздің негізгі экспорттық өнімдері – мұнай, металл, астық негізінен Ресей территориясы арқылы тасымалданады. Ал бұл өз кезегінде соңғы геосаяси ахуалға байланысты үлкен тәуекел туғызып жатыр.

«Соңғы бір жыл ішінде Қазақстанның ТМД елдеріне экспорты 20 пайызға өсті. Ал басқа елдерге сату көрсет-

мұнай бағасының төмендегеніне қарамастан, долларға қатысты теңге бағамы біршама нығайды. Орташа алғанда, наурызда теңге/доллар жхбы 449,99 теңге болып тұрақтады. Ақпанда 1 доллар 451,94 теңге болған. Ақпандағы теңгенің нығаюы еліміздегі салық аптасына байланысты болды. Ал наурызда Ұлттық қордан трансфертерді қамтамасыз ету аясындағы Ұлттық банктің шетел валютасын сатылымға шығаруы төл валютаға қолдау көрсетті. Сонымен қатар америкалық қос ірі банк – Signature Bank пен Silicon Valley Bank-тің банкрот болуы долларды біраз әлсіретіп кетті.

AERC 2023 жылы теңге/доллар жхбы 453,6 теңге деңгейінде қалыптасады деп болжайды.

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ МАЙДАНГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Сызған ауылында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, ардагер ұстаз Мырзахмет Жылысбаев ақсақалдың шаңырағына Созақ аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері арнайы барып Ұлы Жеңіс мерекесіне орай құрмет көрсетіп, айтулы мейрамымен құттықта-



ды. Мырзахмет Жылысбаев ақсақал аудандық ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақ батасын беріп, қоғамдық тәртіпті сақтау, ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыстарына толағай табыстар тіледі.

7 МАМЫР ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚҰТТЫҚТАУ

Еліміздегі маңызды мемлекеттік мерекеміз 7 мамыр – Отан қорғаушы күніне орай Жуантөбе ауылдық округі әкімінің кеңесші-іс басқарушы Мырзабекова Асима Тұрсынбайқызы түрлі кәсіптік салада табысты еңбек етіп жүрген бір топ ер азаматтарды қабылдады. Қабылдау барысында азаматтарды мерекемен құттықтап, қоғамдық көпшілік шараларға белсенді түрде атсалысып жүрген бір топ жігіттер мен еріктілерге аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың, аудандық «Аманат» партиясының арнайы Алғыс хаттарын тапсырды.

Сондай-ақ ардагер ұстаз Зұлхарнаев Амантай Дәуренбекұлы мен Жақсыбеков Амандыққа «Құрметті ардагер» медалін салтанатты түрде тапсырды.

Марапат иелеріне береке-бірлік, жұмыстарына табыс, еңбектеріне сәттілік тілейміз. Алдағы уақытта да руханият, әлеуметтік, қоғамдық туындаған мәселелерге байланысты ортақ істе қолдау көрсететіндеріңізге сенеміз.

«Созақ үні»-ақпарат.



СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТЫ

Сегізінші мамыр күні «Ауыл» партиясы аудандық филиалының төрағасы Аманкелді Бабиев хялы телефонмен қоңырау соқты. Тыңдасам «Аға, келе жатқан Жеңіс мерекесі құтты болсын! Сол Жеңісті жақындатқан Мырзахмет Жылысбаев атамызды құттықтап қайтайық,-деді.

Мен келісім де жолға дайындалдым. Көп кешікпей аудандық мәслихаттың депутаты Рыскелді Сапарбаев пен Аманкелді Бабиев үйге келді. Көлікке отырып Сызған ауылына қарай тарттық. Шетелдік автокөлік лезде-ақ бізді соғыс ардагерінің үйіне жеткізді. Барсақ Мырзахмет ата жаңа ғана құттықтап келген қонақтарды шығарып салып, кемпірі екеуі шай ішіп отыр екен. Балалары да әкелерін құттықтау үшін келіпті. Олар қауқылдасып, бізді қарсы алды. Қонақ бөлмеге қарай бастап жүріп, біздерді төрге жайғастырды.

Ауданымыздағы соғыстың соңғы солдаттың иығына партияның атынан шапан жауып, естелікке кітап, сыйладық. Мырзекең балаша қуанып қалды. Мұнан кейін мен қарияны әңгімеге тарттым.

-Мен соғысқа жасым байланысты 1944 жылы бардым. Бұл кезде немістер шегінген еді. Сол соғыс зардаптарын қалпына келтіруге қатыстық. Бірақ бір күні алдыңғы шепке тақалып барғанымызда біздің әскери бөлімді жау ұшағы келіп бомбалады. Табан асында

аспаннан бомбалар жауды. Айқайлап, үргін-сүргін болдық та қалдық. Әр ұлт өз тілінде айтып жатыр. Тымтырақай тығылатын жер таппай қалдық. Көп жауынгеріміз сол жерде қаза тапты. Әйтеуір аз солдат аман қалдық. Бұл сұрапыл соғыстың бір эпизоды ғана. Атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлы айтқандай: «Соғысқа кіргеннің өзі ерлік».

Содан әскерден 1950 жылы елге оралдым. Соғысқа дейін ауылда 7 солдат бөлімімен мұғалім болғанмын. Енді жоғарғы оқу орнын оқим деп байламға келдім. Алматыға ҚазПИ-ге барып құжат тапсырдым. Бірақ конкурстан өте алмай қалдым. Содан ауылға қайтуды намыс санап сол кездегі ректордың атына (Мәлік Фабдуллинге) өтініш хат жаздым. Соғысқа қатысқандымды айттым. Мені ректордың өзі және партком хатшысы шақырып, қабылдады. Ол кезде оқуға түскендер қуанып студент атанып үлгерген. Расында оқуға тапсырушылар көп болды. Бір орынға он адамнан келдік.

Ректор Мәлік Фабдуллин жылы жүзді кісі екен. Мен барлық жағдайымды айттым. Партком хатшысына қарап:

-Мына соғыс жауынгерлерін оқуға қабылдаймыз ба?-деді. Анау мақұлдап басын иезді. Сөйтіп мен химия-биология факультетінің студенті болып қабылдандым. Сондағы қуанышымда

шек болған жоқ. Бірақ жатақхана, шәкіртақы менде болған жоқ. Пәтер жалдап тұруға тура келді. Қысқы сессиядан кейін барлық емтиханды жақсы тапсырып, шәкіртақыға іліктім. Сосын жатақханаға да орналастым. Оқу орнын жақсы деген бағаға бітіріп, диплом алып ауылға келдім. Отбасын жатақханаға да орналастырдым. Мектеп директоры қызметтерін атқардым. Еңбегімнің арқасында көптеген мемлекеттік наградаларды иелендім. Қазақстан білім беру ісінің үздігі атағын иелендім. Ауданның Құрметті азаматы атандым. Қолымда кенже балам тұрады. Алпыстан асқан кезде дүниеге келген ұлым. Келін екеуі алақанына салып отыр. Барлық іс-шараларға осы Кенжебегім алып барады, алып қайтады. Менің қол қанатым. Ат байларым. Өсіп-өн деп күнде батамыз беріп отырмын. Басқа перзенттерім бөлек тұрады. Өз алдарына шаңырақтары бар. Немере, шөбере, шөпшектер өсіп жатыр. Алланың мұнысына да шүкір! Кемпірім қасымада. Денім сау. Бұдан өткен бақыт бар ма?-деп қария бізге бата беріп, үйдің алдына дейін шығарып салды.

Аудандағы соғыстың соңғы солдаттың ақ тілегін арқалап Шолақорғанды бетке алдық.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Жаңа зауыт іске қосылмақ

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы Түркістан облысының Созақ ауданында күкірт қышқылы зауытын салу жобасын іске асыру мақсатында құрылатын «Taqonur Qyshqyl Zauyu» ЖШС жаңа кәсіпорнын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін алғаны туралы хабарлайды. Серіктестіктің құрылтайшылары: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (49%), «РУ-6» ЖШС (25%) және «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС (26%).

Қазіргі уақытта жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу аяқталып, әлеуетті инвесторды таңдау жүргізілуде. Өнеркәсіптік кәсіпорынды құрудың түпкілікті құны жобалау-сметалық құжаттамасы бекітілгеннен кейін айқындалатын болады. Күкірт қышқылы зауытының құрылысын бастау 2024 жылға, ал өндірісті іске қосу және толық жоба-



лық қуатқа шығу 2026 жылға жоспарланып отыр.

Күкірт қышқылы – жер асты ұңғымалы шаймалау әдісімен уран өндіруде қолданылатын негізгі реагент. Кеніштерге жақын орналасатын меншікті өндіріс Қазатомөнер-

кәсіпке қышқыл жеткізудің қосымша сенімді және ұзақ мерзімді көзін қамтамасыз етуге, тауарды жеткізу жолдарын қысқартуға, шығындардың өсуін барынша азайтуға және уран өнімінің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорын жылына 800 мың тонна күкірт қышқылын өндіруді қамтамасыз ете алады. Бұл ретте жылуды кәдеге жаратудан ілеспе түрде 25-30 МВт*сағ электр энергиясын өндіріп, оның басым бөлігі энергия тапшы өңірдегі Компанияның еншілес ұйымдарына сатылатын болады.

Жобаны іске асыру Қазатомөнеркәсіп үшін де, Түркістан облысы үшін де стратегиялық маңызға ие. Қазіргі заманғы күкірт қышқылы зауыты өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуына елеулі үлес қосады, қосымша инвестициялар тартуға, жергілікті бюджетке салық түсімдерін толықтыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді – объектінің құрылысына 800-ге жуық адам, ал пайдалануға 500-ге жуық адам тартылатын болады.

Нуржамал МАЙУСОВА.

Ұстаз-шәкіртімен көрікті

Осыдан 27 жыл бұрын, яғни 1996 жылдың тамыз айында маған 5-сыныпқа жетекшілік ету жүктелді. Бастауыштан жаңа ғана келген жас жеткіншектердің барлық жауапкершілігі оңай шаруа емес. Іс қағаздарын жүргізу, сынып сағаттарын өту, тәрбие сабақтарын ұйымдастыру, ата-аналармен жұмыс, мектепшілік іс-шараларға қатыстыру т.б. көптеген жұмыстар алғашқыда қиындық туғызғанымен, уақыт өте келе үйренісіп кеттік.

Мектептегі ұзақ жылғы педагогикалық өтілім бойынша ең алғашқы да, ең соңғы да сыныбым осы болды. Жеті жыл



мерзім ішінде сыныптағы ұл-қыздардың мінез-құлқын, ой-өрісін, таным деңгейін бір кісідей білдік десек артық айтқандық емес.

Сыныптан өнер, спорт, білім сайыстарында аудан, облыс көлемінде жүлдегер болған шәкірттер аз емес. Екеуі мектепті "Үздік аттестатқа" бітірді.

2003 жылы мектеп бітіруші түлектер - Ардақ, Арнұр, Бағдат, Дархан, Досхан, Ержан, Қанат, Нұрлан, Нұрлыбек, Нұркен, Нұрлыбек, Марат, Самат, Самрат, Айнұр, Гүлзира, Гүлнар, Лаура, Маржан, Инжу және сыныпта әр жылдары бірге оқыған Болат, Дана, Құралай, Фатима, Нұршат, Мақпал, Жәмила т.б. бүгінде бір-бір мамандық пен бір-бір

шаңырақ иесі болып отырған жайы бар.

Жырым а жылдан бері әрқайсысы өмірден өз жолын тауып, еліміздің әр өңірінде амандықта тірлік кешіп жатқаны қуантады. 2003 жылы соңғы қоңыраудың салтанатты сапында 14 ұл, 6 қыз - барлығы 20 шәкірт ұшқан ұяға деген қимастық сезіммен тұрса, қазіргі таңда жұбайлары мен перзенттерін қосқанда 100-

ден әлдеқашан асып отырғанын көріп тәубе дейміз.

Аққолтық ауылындағы қарашаңырақ - Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепті бітірушілерде жақсы дәстүр бар. Мектеп бітіргеніне 10, 20, 30 жыл толған кездесу алдында ауыл үшін бір игілікті іс жасау үрдіске айналған.



2003 жылы бітірген 20 жылдық түлектер де бұл үрдістен тыс қалмай, ауылдың 70 жылдығы құрметіне салынған "Жастар саябағының" басты демеушілері атанды, халықтың алғысына бөленді. Саябақ ауыл тұрғындарының демалатын керемет орынға айналды.

Биылғы 25-мамырда алтын ұялан түлегендеріне 20 жыл толатын шәкірттеріне алдағы ғұмырларың жарқын, жолдарың ашық болсын дегім келеді.

Тұмартай ДІНТАЙҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
сынып жетекшісі.

Чех халқының батыры, Созақ ауданының түлегі, жерлесіміз, ұшқыш, гвардия лейтенанты Құрал Рүстемовтің 100 жылдығына орай Сызған ауылындағы Құрал Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінде батырдың рухына арналған мәдени шара, еске алу шарасы өтті. Шараны ұйымдастырушы Құрал Рүстемовтің туыстары мен Құрал Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы. Алдымен аталмыш мектептің ауласында тұрған батыр ескерткіші алдында салтанатты шара болды. Шарада Созақ ауданының құрметі азаматы, ардагер ұстаз, Маханбет Шоңбаев, батыр туралы кезінде «Ақиық» атты дастан



ҚҰРАЛ ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ АТАНУҒА ЛАЙЫҚТЫ

жазып, ер есімін ұлықтаған Жеңіс Қарғабаевтың жары, батырдың туысқан қарындасы Загила Тұрсынқызы, батырдың туыстары, еңбек ардагерлері Жанәділ Жұмаділов, Құрал атамның туған бауыры Жәркен Рүстемовтер сөз алып, батыр туралы естеліктерімен бөлісті. Салтанатты шарада сап түзеген жас жауынгерлер мен ардагер ағалар батыр ескерткішіне тағзым етіп гүл шоқтарын қойды. Мектептің салтанатты залында жалғасқан салтанатты жиында Сызған ауылдық округінің әкімі Қай-

ақжарма ниеттерін айтты. Мектеп оқушылары концерттік бағдарлама әзірлеген екен. Онда Құрал туралы жас жеткіншектер ақын Ж.Қарғабаевтың «Ақиық» дастанынан үзінді өлеңдер оқып, сахналық көріністер ұйымдастырып ауыл аспанын ән мен жырға, әсем биге бөледі.

Осы уақытта Қозмолдақ ауылындағы Фани Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінде күрестен, Құрал Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінде кіші футболдан спорт жарыстары қатар-

үлкен шарананы аудан орталығында өткізсек, оған аудан басшылары мен мәдениет, спорт, білім саласындағы басшылар да өз тараптарын қолдау білдірсе екен, деген тілегін жеткізген Ұрмахан Рүстемовке аталмыш шараның ойдағыдай өткенін, жастарға отаншылдық рухтағы үлкен мәнді шара болғанын айтып біз де өз тарапымыздан ұйымдастырушыларға ризашылығымызды білдірдік.

Көк жүзінде самғайтұғын қырандар,

Болат қанат талмайтұғын қырандар.

Жүрегімді шабыт буса саңқылдап,

Мен жырлайтын, мен шырқайтын бір ән бар,-деп ақиық ақын жырлағандай Құрал Рүстемов туралы тың деректер, тың мәліметтер, естеліктер мен роман, повестер жалғасын тауып әлі де жазыла беретіні ақиқат. Ендігі кезекте Мемлекет басшысынан, ҚР Үкіметінен кешегі кеңестік заманда солақай саясаттың кесірінен ала алмаған марапатын, өзіне лайықты құрметін қайтарып, Чех халқының батыры, Созақ ауданының түлегі, жерлесіміз, ұшқыш, гвардия лейтенанты Құрал Рүстемовке «Халық қаһарманы» атағын қайтарып беруді қолға алуымыз керек. Бұл біздің адами, перзенттік, жерлестік борышымыз болмақ. Бүгінде батырдың мүрдесі жатқан бұрынғы Чехословакия мемлекеті екіге бөлінген. Сол себепті, Словакия жеріне арнайы ауданнан делегация ұйымдастырып, батырдың туған жерінен бір уыс топырақ салу, Меркі ауданындағы Құрал оқыған мектеппен тығыз байланыс орнату, Тамбов қаласындағы Құрал оқыған әскери училищеге озат оқушыларды туристік сапармен сапарлату шаралары аудан тарапынан қолға алынса, батыр рухы бір аунап түскен болар еді. Бұл абырой мен атақ бүгінде мәңгілік ақиқи өмірге кеткен Құрал үшін керек емес. Өйткені ол өз парызын адал атқарып кетті...

Бұл құрмет жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу үшін, созақтық намыс үшін болашақ ұрпаққа керек екенін ұмытпауымыз керек.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ырқұл Нұртан, Шолаққорған ауылындағы Құрал Рүстемов атындағы көшенің көше комитеті Аманбай Айтжанов, көше тұрғындары Қуандық Борай, Бекұлы Жаппарқұлов, батырдың келіні Абсаметова Салиха апай, ұрпақтары атынан Ұрмахан Рүстемов, Пернебек Рүстемов, Ермек Берістемов, ардагер ұстаз Гауһар Бекқұлиева, ауыл ағасы Ералиев Анарбек сияқты ауылдың ақсақалдары мен ақ жаулықты аналарыөз кезектерінде сөз алып, шараны ұйымдастырған азаматтарға, мектеп ұжымына ақ алғыстарын жеткізді. Сонымен қатар, ұйымдастырушылар алыс-жақыннан келген қонақтарға естелік сый-сияпаттар жасауды да ұмытпады. Кезінде Құрал атамның туралы дастан, повесть, әңгімелер жазған Нысанбек Төреқұлов, Жеңіс Қарғабаев, Ескермес Жақсымбетов сынды тұлғалы ақын-жазушылардың ұрпақтары да аталмыш шараның құрметті қонақтары ретінде шақырылған екен. Ол кісілердің ұрпақтары сөз алып

ласа өтіп жатты. Спорттық шараға аудан көлемінен сегіз футбол командасы, жекелей салмақтардағы палуандар жарыс көрігін қыздырды.

Түс әлетінде ауыл ортасындағы «Қазыбек ата» зәулім дәмханасында батырдың рухына бағышталған құран-ас болды. Ас дастарханында Созақ ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Бейімбет Байғараев, Ораз Бостанов, Құрал Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінің директоры Сержан Бегманұлы, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбілхас Жабағиев игі тілектерін жеткізді.

Ауыл имамы Өмірзақ Әлжанов батыр рухына және жалпы 1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысында шейіт болған батырлар рухына бағыштап құран оқыды.

Таңертеңнен басталған шара күн ұясына батуға жақындағанда өз мәресіне жетіп алыс-жақыннан келген қонақтар бір бірлерімен қимай қоштасты.

-Алла қаласа, алдағы жылдары батыр бабамыз туралы

Нар мінезді нағыз азамат еді..

Қара сөзден гөрі қара еңбекпен есейген Нарымбай аға туралы көп естелік айтуға болады. Қараша шаңырақта дүниеге келіп, қараша халықтың ортасында өсті. Қара шаңырағына келген қонағына қазанында бір асым етін қалдырмай алдына қойып, бек риза көңілмен аттандырғанша бір орнында байыз тауып отыра алмайтын мінезін де жақсы білетін едік. Пейілі дархан, көңілі Сарыарқаның даласындай кең де, санасы сайын ағамыз елдің тек алғысы мен ақ батасына молығып ақиқи өмірге асыға аттанды. Елдің мүддесін алдыңға орынға қоятын Нарымбай аға 1995 жылдан 2013 жылдың 1 наурызына дейін Сұлтанбек Қожанов атындағы мектептің директоры болды. Оған дейін Оспанов Әмзе мектеп директоры болған. 1998 жылы есімде Қуаныш Айтахановтың кезінде мектепті 11 жылдыққа ауыстыру мәселесі сөз болып. Ақсүмбеден артынып тартынып бір топ қариялар келген болатын. Ішінде Нарымбай ағамыз да болды. Қариялар «Бұрынғыдай Қаратауға келіп жатып оқытандай интернат жоқ. Көлік болса да жоқ. Балалар 4-5 шақырымды тікелей жаяу барып келіп оқиды. Қыстығүні аязы бар, бораны бар, жолшыбай ит-құс бар қиын. Сол себепті мектепті он бір жылдық етіп берсеңіз» дейді. Сол уақытта аудан әкімі аудандық білім бөлімінің басшысына, қаржы бөлімінің басшысы Сағындықов Серікке, аудан әкімінің орынбасары Сәуле Еденбаеваға мектептің тиісті құжаттарын әзірлеу жөнінде тапсырма береді. 1999 жылы Қ.Айтаханов Сайрам ауданынан ауысып кетті. Бірақ 1999 жылы 1 қыркүйек күні 11 жылдық болып ашылып, ашылуына жаңа әкім Созақбай Әбдіқұлов барып қатысты. Одан кейін Созақбай Әбдіқұловтың кезінде қазіргі 11 км жолды Тайқоңырға баратын негізгі күре жолға дейін қосып, жаңадан жол салынды. Осы мәселелердің басы қасында елдің азаматы ретінде Нарымбай ағамыз бірге жүрді.

Жораев Нарымбай Өмірбекұлы 1956 жылы 28 тамызды Шымкент облысы, Келес ауданындағы Аманжар ауылында дүниеге келген.

1962 жылы отбасымен Созақ ауданы Қаратау совхозының Ақсүмбе бөлімшесіне көшіп келген.

1963 жылы Ақсүмбедегі бастауыш класты бітіріп, совхоз орталығындағы Панфилов атындағы жалпы орта мектепті 1973 жылы бітірген.

1973-1974 жыл аралығында Қаратау совхозында жұмысы болып істеген.

1974-1976 жылдары әскерде азаматтық борышын өтеген.

1977 жылы Шымкент педагогикалық институтына түсіп, 1982 жылы тарих факультетін бітірген.

1982 жылы жолдаммен «Қызыл жол» мектебіне барып, 1982-1987 жылдар аралығында мұғалім және мектеп директорының оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. 1995-2013 жылдар аралығында С.Қожанов атындағы орта мектебінде директор қызметін атқарған. 2013 жылдың 15 ақпаннан бастап Макаренко атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметін атқарды.

Қызмет атқарған жылдары төмендегі марапаттарға ие болған. 2011 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің Алғыс хаты, 2011 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хаты, 2012 жылы Созақ ауданы әкімінің білім бөлімінің Алғыс хатымен марапатталған.

Жұбайы Райхан Төрткүлдің бергі жағында Қызылжар деген ауылдың қызы. Ұлы жүз Ыстының қызы. На-

рымбай мен Райханнан үш ұл, үш қыз. Бауыржан, Біржан, Досжан, Кәмшат, Гүлшат, Нұрсәуле есімді балалары тәрибелі де тәлімді болып ержетті, ізетті болып бойжетті.

Тастанбекұлы Әжжан деген кісі Нарымбай ағаның нағашысы. Ал Нарымбай ағамыздың анасының аты Мүслима (Сарыбала деп атап кеткен) Әжжан Қошқарбай тама. Мекені Көкшеқұм. Оның ішінде Еңкей жалында өмір сүрген. Әжжанның қарындасы Айманды ауған тәуіп кешегі көтерілістің алдында дүниемен ұрып алған екен. Ауған тәуіп қай ауылға бармасын сол ауылдағы бас көтерер ықпалды адамдардың үйіне түседі екен. Екі қызыл нары болыпты. Сол екі нардьқ үстіндегі қоржын мен жүктің көбі алтын, күміс, әшекей, қымбат мата, өрік, мейіз болыпты. Әжжанның өзі дәулетті, малды кісі болған екен. Осы Әжжанның үйіне түстеніп, қона жатып жүріп қарындасы Айманға көзі түсіп кейін қалың малын асырып беріп алған екен. Әжжан Қошқарбай таманың ішінде абыройлы кісі болған. Бұхара, Самарқанд жағында оқып келген үлкен молда болған. Әжжан күйеу баласы ауған тәуіпті Кеңес үкіметіне ұстап берген. Егер ұстап бермесе өзі халық жауы атанып Итжеккенге айдалар еді немесе қызылдар атып тастайтын еді. Оның үстіне қарындасын құтқару керек болды. Қос атпен құалап барып ауған тәуіптің Қытайға асқалы тұрған жерінде қуып жетеді. Сол уақытта артынан жеткен қуғыншыны көрген ауған тәуіп әйеліне жүктің арасына жасырған мылтықты әпер дейді. Әйелі ары-бері қарап таппай жатқанда қуғыншылар бас салып ұстап, байлап матап тастайды. Созақ аудандық ГПУ Әжжанның қолына қағаз береді. Қылмысы жоқ деген. Сөйтіп олар елге келе салысымен үй ішімен Ауғанстанға қашып кетпек болып көшіп кетеді. Ақпан айының аяғы болса керек. Жолда дария тасып арғы бетке өте алмай тұрғанда Сұлтанбек Қожанов барып барлық көшті кері қайтарады. Әжжанның Созақ көтерілісінде алты інісі қайтыс болған. Тастанбекұлы Әжжанның алты інісі орыс солдаттарының пулеметіне кез болып қалады. Аттары қалмақшалап байлап қойып жаяу жүгіріп жүргенде оққа ілігеді.

Шудың бойында «Тастанбектің жалы» деген жол бар. Ақжайқын, Еңкей деген дәу жал бар, Ащы артезиан бойында отырған.

Нарымбай ағамыздың үйіндегі Райхан жеңгеміздің шыққан жері, яғни, Нарекеннің қайың жұрты елге сыйлы орта болатын. Қайың атасы Махал Полатбеков Ордабасы ауданының Құрметті азаматы, майдангер, ауыл шаруашылығы саласының майталман ардагері болған. 1924 жылы 1 мамырда дүниеге келген. Әке-шешесінен ерте айырылып, туыстарының қолында өскен ол 1932-1936 жылдары ашаршылықтың салдарынан Ташкентке қоныс аударуға мәжбүр болған. Соғыс басталғанда 17 жаста екен. Ташкентте 1942 жылы әскерге шақырылған 20 жігіттің қатарында болады. Сол күні колхоздың төрағасы келіп: «Сендерді кейінге қалдыратын болдық. Әскери комиссармен де келісіп қойдым. Ер-азамат істейтін жұмыс көп, бір ай бойы бидай оруға көмектесесіңдер,- дейді. Алайда Махал бидай орудың орнына соғысқа барғанды жөн көреді. Военкоматқа өзі барып, майданға жіберуін өтінеді. Осылайша майданға аттанған жас жігіт Ульянов облысына кіші командирлер даярлайтын 6 айлық курсқа жолданған. Курсты үздік бітіріп, сержант шенін иеленген. Смоленск, Минск, Витебск қалаларын азат етуге қатысқан. Біраз уақыт батальон



командирінің адыютанты да болады. Командирі оған адыютан ретінде жігіттерге тіл үйретіп, соғысқа даярлығын пысықтау үшін жібереді. Сұрапыл жылдар есейтті, шынықтырды, елге келген соң ауылшаруашылық жұмыстарын істеп, партияның хатшысы секілді біраз қызметтерді атқарады.

-Жеңіске 75 жыл толса, мен соның 70 жылын аянбай, ауыл шаруашылығына арнадым,- дейді 13 перцентінен тараған 56 немере, 105 шөберенің атасы Махал ақсақал.

Қазіргі Қызылжар ауылының негізін қалауға майданнан оралған Махал Полатбеков бастамашыл болып, үлкен үлес қосқан екен. 30 жылдан аса осындағы ұжымды басқарып, шаруашылықты көтерген. Ауыл тұрғындарын ұйымдастырып, мектеп, клубтың ғимаратын өздері тұрғызып алыпты. Сұрапыл соғыстан елге оралған соң, Ташкент облысы, Ленин ауданында №109 мектепте әскери жетекші, директордың орынбасары, «Қызылжар» ұжымшарында басқарма төрағасының орынбасары әрі партия ұйымының хатшысы, Ленин атындағы ұжымшарда басқарма төрағасының орынбасары, кейіннен төрағасы болды. Төрткүл бөлімшесін, сондай-ақ Қ.Сыпатаев атындағы мақта кеңшары құрылғанда №2 бөлімшені басқарды. Сол кездері бөлімше 2,5 мың гектар мақта алқабын өсіріп «ақ алтын» өндірісінде облыс, республика бойынша алдыңғы орынға шыққан екен. Халқымыздың тау тұлғасы, қоғам және мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев осы өңірге келгенде Махалдың шаңырағынан дәм татып, пікірлескен. Кейін еңбегі мен ерлігі бағаланып «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын, екі күміс, қола медальдарымен, «Астанаға 10 жыл» және Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің бірнеше мерекелік медальдарымен марапатталады.

Ал енді халқымызда «Тартпай қоймас негізге» деген ұлық сөз бар. Сол айтқандай Нарымбай ағамыздың өз тегіне де ат басын бұрайық. Созақ өңірінде іздестіре берсең тең тарихтың қорына молығасың. Не нәрсе жоқ. Тек ерінбей іздей бер. Кешегі Ұлы Отан соғысы жылдары әйгілі қазақ палуаны Қажымқан Мұңайтпасов отбасы атынан жиған-тергенін майдан даласына жіберіп әскери ұшақ жасатқанынан хабарымыз бар. Осындай жағдай Созақ өңірінде де болған. Ақсүмбелік азамат Әжжан Жораев Ақсүмбе ауылы-

ның бас жағындағы Күрдек деген өзеннің бойында дүниеге келген екен. Әжжан ағамыздың өзімен бірге Асқар, Нысанбек, Өмірбек, Әмірбек, Құндыз, Мәуіті деген алты бауыры болады. Інісі Асқардан Құрбанкүл деген бір қыз, Нысанбектен Айнабек, Дәнебек, Болат, деген үш ұл, Орынкүл, Базаркүл деген екі қыз, Өмірбектен Сұлтанбай, Нарымбай, Қадірбек, деген үш ұл, Нартай, Шұға деген екі қыз. Өмірбектен Арынтай, Нұрлан, Нұрдәулет, Нұртас деген төрт ұл, Нұрайша деген бір қыз тарайды. Бірақ сонау ел басына күн туған нәубет жылдан дағменінен үдере көшкен Жора әулеті Келес бойына көш бетін түзейді. (Нарымбай ағамыздың өмірбаянында Келес ауданында туылған дейтін себебі осылай болған) Онда Төленбаев Мекен деген азамат Келестегі «Клим» колхозының басшысы болады. Сол азамат Созақтан көшіп барғандарды екі колхозға бөліп ұйымдастырады. 1941 жылы елімізге ауыр сын сағаты туған кезінде Әжжан ағамыз төрт інісін Отан қорғауға аттандырып өзі мемлекет рұқсатымен колхоз басшылығында қалып, күндіз-түні еңбек майданында болады. Отанына деген сүйіспеншілігін білдіріп, өзі жинап-терген заттарын сатып, оны ақшаға айналдырып Отан қорғау қорына қомақты үлес қосқан еді. Өзінің жеке есебінен 100 000 ақша және 8 пұт астық, одан колхоз еңбекшілерінің есебінен 152 000 сом ақша қаражатын және 480 пұт астық тапсырады. Осы тауарлар сол уақыттағы әлеуметтік жағдаймен қарағанда аз ақша, аз азық-түлік емес еді. Ал бір отбасы үшін тым ауыр еді. Бірақ Отан десе жүрегің суырып беруге даяр ұлтжанды, патриот азаматтар қилы кезеңде ешнәрсесінде, тіпті шыбын жанында аямағандығын сеземіз. Әжжан Жораұлы 1942 жылдың 31 желтоқсанында Абай-базардағы Жамбыл колхозы атынан Мәскеуге Сталинге хат жазады. Онда: «От имени колхозников и колхозниц колхоза имени Джамбул Келесского района Южно Казахстанской области и от своего имени сердечно поздравляю Вас с успехами Красной Армии по разгрому гитлеровских полчищ. От всей души желаем Вам здравствование многие годы на радость всем трудящимся и на страх врагам. Четыре брата сражаются на фронтах отечественной войны чтобы защитить нашу родину от людоода гитлера. Колхозники моего колхоза внесли Госбанк на строительство танковой колонны «Колхозники Казахстана» 252 тысячи рублей 480 пудов зерна. Из них лично сам внес 100 тысяч рублей и 3 пуда зерна. Прошу вашего согласия присвоить этому танку имя «Панфилов». Не отдадим никому нашу счастливую колхозную жизнь. Сталин тебе победа, Победа тебе Сталин!. Председатель А.Джораев.

Колхозшылар атынан жазған Әжжан Жораевтың хатын Мәскеуде Сталиннің хатшысы 22 сәуір күні күндізгі сағат 10-нан 40 минут кеткенде алып, сол күні яғни 22 сәуір күні сағат 4-тен 45 минут кеткенде жауабын жібереді. Колхозшыларға жіберген Сталиннің жауабы төмендегіше болды.

«Адрес Высшая правительственная к/з Джамбул Келесского района Юж.Каз. обл. пред колхоза тов Акбар ДЖОРАЕВУ. Благодарю колхозников и колхозниц колхозе Джамбул и лично Вас тов. Акбар Джораев за заботу о броне танковых силах Красной Армии. Ваше желание будет исполнено. Примите мой Привет от благодарности Красной Армии. И.Сталин.» делінген.

Әкбар көкеміз 1967 жылы 22 шілдеде 63 жасында қасиетті Түркістан шаһарында өмірден озды. Аллаға шүкір жұбайы Төлжан анамыз екеуінен тараған Тұрсынбек, Шардарбек атты екі ұл мен Ілескүл атты бір қыздан көптеген ұрпақ қалды. Тұрсынбек ағамыздан сегіз, Шардарбек ағамыздан бес бала-шаға өрбіді. Қызы Ілескүл де өз алдына отау құрып, түгін түтетті.

Ардақты аталарының тылда жүріп отан қорғау жолында майданнан да қиын тағдыр талайын бастан кешіп қызмет атқарып, өзінің Отан алдындағы перзенттік парызын абыроймен орындағанын кейінгі артында қалған ұрпағы біліп жүрсе, нағыз отаншылдық рухтың үлгісі осы емес пе?

Нарымбай ағамызбен жақсы сыйластықта болдық. Жалпы мен Ақсүмбе ауылының бір баласы сияқты болдым.

Бір-екі адамның маған «Мәке сен божбансың ба?» дегені де болған. Ол дегенім сол ауылға сіңісті болып,



қолымнан келгенінше тарихын, халқын, еңбек адамын насихаттау болды. Сол уақытта Нарекең туған бауырындай іш тартып, ақылдасатын ортақ шаруасы болса, әрине елдің мәселесі, ауыл мен мектеп мәселесіне қатысты ғой. Сонда менің ішкі ойымды, пікірімді үнсіз тыңдап отыратын. Сабырлы, артық ауыз сөз жоқ «Аз сөз күміс, үнсіздік алтын» деген қағиданы ұстанатын.

Кейін мектепті Мейрам інісіне аманаттап, өзі Қайнардағы мектепке барды. Ол жерде де абырой биігінен көрінді. Қайнардың халқы ынтымақшыл, еңбекқор, сөзбен ісі жоқ жақсы халық. Қырық ру ел тұрады. Сонда да ауызбіршілігі мықты болатын. Қолдарын кеудесіне қойып өзбегі де, қазағы да «Құп аға!» деп тік тұратын. Жаңа мектептің айналасын гүлдендіріп, жайнатып тастады.

Мектеп ұстаздарының пікірімен санасып, ұдайы ауызбіршілік пен ынтымақта жұмыс жасап, абыроймен зейнет демалысына шықты. Аудан балаларын жазғы демалыс уақытында демалдыру кезінде де лагерге басшылық жасап тынымсыз еңбек етті. Нарымбай ағам үшін ауыр кезең -ұлының кенеттен болған қазасы есеңгіретіп кетті. «Бала бауыр етің» демекші, тас түскен жеріне ауыр дегендей болашағынан үміт етіп, үміт еткен көзінің нұрынан айырылу әрине оңай емес еді. Бір жағы жүрекке түскен сол салмақ болды ма деймін. Ешкімнің ала жібін аттамай, адамша өмір сүру дегенді нағыз нар тұлғалы Нарымбай ағамыздың бойынан, жүріс-тұрысынан көріп, өнеге тұттық. Жаны жәннатта топырағы торқа болсын! Асыл азаматтың әруақты рухы желеп-жебеп жүрсін!

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Әкемізбен тек мақтана аламыз

Халқымызда «Әке асқар тау, ана баурайындағы бұлақ, ұл-қыздары жайқалған құрақ» деген жақсы теңеулі сөз бар. «Мен бүгін әкемді айтып толғанамын» деген өлең жолдары да ұлы мен қызының жүрек тәттілігін сағынышының сары қаймағынан туса керек. Арада айлар мен апталар сырғып өтіп, жылдар жылжыған сайын әкемізге деген сағыныш ұшқыны лаулап лапылдап жана түскендей. Өзіміз әке атанып жатсақта, әкеге деген сағыныш бәрібір кеуденің керней түседі. «Айналайын әкең жақсы азамат еді! Нағыз осы елдің жанашыры, жоқтаушысы еді» деген әкеміздің көзін көргенкісілердің осындай сөздерін естіген сайын әрі марқайып қаламын, әрі жабырқап қаламын. Марқайып қалуым әрине әкеміздің адалдығы мен азаматтығына қуансақ, жабырқауымыз бүгінде нағыз немерелерінің қызығын көретіншақта ортамызда болмай мәңгілік мекеніне келмесе кеткеніне өкінеміз. Әкем Нарынбай отбасымыздың басшысығана емес, айбыны мен ақылшысы еді. Әкеміздің арқасында не жейміз, не киеміз деген жоқпыз. Ішкеніміз алдымызда, жегеніміз жолымызда болды. Жоқшылықтың түйірдей ащы дәмін татқан жоқпыз. Әрқанда баяу ғанауімен байсалдықалпымен әкелік ақылы мен келелі кеңесін айтып, өмірдің қилыжолдарындакездесуі мүмкін кедергілерден қалай өту керектігін, нанымсызды адалдапжеу, үлкенгеұрмет пен кішіге ізеттілік дегенді өзі көрсете білді.

Біздіде сол жолға баулыды. Балаларым тарықпасын деген тірліктепжинаған дүниеден артық бейбейпұлдүние жинауға құмарпады. Жұмысына адал болды. Үкіметпен билік жұмсаған жаққа барды. Өзге ауылдарда ұстаздық қызмет етіп елдің

алғысына молықты.

Жоғарыда отырған басшыларға қиямпырлық жасамады. Тек жүрген жеріндемол абырой мен беделге кіршіксіз ие болды. Әкеміз бізге өтірік айтпауды, біреудің ала жібін аттамауды, біреуге қысастық көрсетпеуді, кеуде керіп масаттанбауды, жоққа жасымауды, барға тасымауды үйретті. Бір жолы мен Шымкентте айттылған уақытынан кешігіп жеттім. Келсем әлі ұйықтамапты. Мен келгенше жолымды тосып ұйықтамай, әлде бір кітапты оқып отыр екен. Мен барғаннан кейін түн ортасы болған соң жатуға әрекет жасадым. Сонда әкем мені қасына шықырып алып: «Балам, кейін әке болғанда түсінесің, анаң екеуміз сенің жолыңа қарап отырмыз. Қай жерде келе жатқаныңды бір ауыз телефон соғып айтпайсың. Те-



лефон соқ дегенде рөлде келе жатып емес, жол шетіне тоқтап, шамалы уақытыңды бөліп аман-дғыңды білдіруге болатын еді ғой,- деді жай ғана са-



бырлы қалпында үн қатып. Содан кейін қайда жүрсемде әкеммен, анаммен жиі хабарласып жайымды айтып жүретін болдым. «Ақша мен дүниеге қызықпа, дүние жолдас болмайды. Жатты жақыныңдай сыйла, жақыныңдай бауырыңдай қадірле!» деген сөзі менің ойым мен жадымнан әркезде де шыққан емес. Ағайынның қызықшылығы мен ауыртпалығында, бауырларының, жақын туыстарының арасында күрделі мәселелер туындап қалған сәттерде әкем алдымен бауыр, жай жапсарын біліп қолынан келгенше жәрдемі мен көмегін беріп, ағалық, бауырлық міндетін ерекше ықыласпен орындап жүретін. Оның барлық жақсы қасиеттерін біз санамызға тоқып ержеттік. Әке деген ең қастерлі ұғым, ана деген ұлы жарық есім! Екеуі шағын ғана Ақсүмбе ауылының білім саласындағы шырақшысындай келешек ұрпақтың сауатты, білімді, тәрбиелі болы жолында халыққа қалтқсыз қызмет етті. Шәкірт тәрбиеледі. Шәкірттері өмірдің сан саласында абыройлы қызмет етіп жүр. Бірі мектеп басқарса, бірі дәрігер, бірі механизатор, бірі кәсіпкер болып тәуелсіз еліміздің дамуы мен өркендеуі жолында адалынан жұмыс жасауда. Бар білгенін жас-тарға, балаларға үйрете білді. Ауыл аймағына сыйлы, қадірлі болды. Үйге келген меймандардың қолына су құйып, аяқ киімдерін тазалап, оларға дастархан басында қызмет жасап, кісі кутуді әкемізден үйрендік. Анамыз әкемізге қарағанда тәртіпке қаталдау болды. Оны да кейін түсініп жатырмыз. Әке қарғысы оқ, ана қарғысы мейірім дейді ғой. Сол себепті әкеміз бізге барынша мейірімін текті. Балағаттау, ұрсу, жеку дегенді білмейтін. Біздің кейбір қылықтарымызға ренжісе қабағын түйіп басын

шайқаса болды. Біз түсіне қоятынбыз. Әке қабағын тану деген сол болса керек. Кейін ержеткенімізде досымыз, қатарымыз, құрдасымыз сияқты ақыл сұрайтын, біздің пікірімізбен санасып, ойымызды білетін. Ол да болса әке міндетіне жата-тын ұлы қасиет болса керек. Әйтпесе әкемізге ақыл айтатын біз кімбіз. Ол қасиет бізді үлкен өмірге қанаттандыра алдындағы ата қыранның бала қыранға деген ұстаздық ұлы бағыт бағдары болса керек.

Әкеміз Нарымбай мен анамыз Райханнан үш ұл, үш қыз өрбіді. Бауыржан, Біржан, Досжан, Кәмшат, Гүлшат, Нұрсәуле есімді балалары біз тәрбиелі де тәлімді болып ержеттік, ізетті болып бойжеттік. Бауыржан ұлы мен Ильясова Ақерке Жәнділдақызы келінінен Нұрай, Айқын, Шәріп атты немерелері, Біржан ұлымен Мұсабаева Забира Ергалиқызы келінінен Дания, Алижан, Кәмшат қызы мен күйеу баласы Тұртанов Бағлан Алшынбайұлынан Бердібек, Рахман, Айжан, Нұрдулет атты жиендері, Гүлшат пен Алмағанбетов Асқар Мұратұлы күйеу баласынан Нәйсұлтан, Айдәулет, Нұри-ла, Нұрсезім атты жиендері, Нұрсәуле қызы мен Аяпов Біржан Қаныбекұлы күйеу баласынан Сейілхан деген жиендері өрбіді. Көбісін өз көзімен көріп, қолына ұстап, маңдайларынан искеп кетті. Кейінгілерін көре алмағаны өкінішті.

Мен де бауырларым да әкемізбен мақтанамыз. Әкемізді мақтаншы көреміз. Ардақты да аяулы әке жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын! Сенің ардақты атың мен киелі есіміңе кір түсірмей адал еңбек, ұлағатты өмір сүруге тырысамыз. Сен бізбен мәңгі біргесің асыл әке!

Біржан НАРЫНБАЙҰЛЫ,
Ұлы.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №171 ШЕШІМІ

Шолаққорған ауылы 2023 жылғы 10 мамыр

Созақ ауданының Тасты ауылдық округі әкімінің сайлау жөнінде сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 14-бабының 6 тармақшасы, 21-бабының 4-тармағы, 22-бабы негізінде Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Созақ ауданының Тасты ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде Тасты сайлау округі Тасты ауылдық округі шекарасында құрылсын.

2. Тасты сайлау округі, оның шекаралары және аудандық аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері (Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №5) аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және «Sozak uni» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы
Комиссия хатшысыӘ.Сахиұлы
Р.Оспанов

* * *

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №172 ШЕШІМІ

Шолаққорған ауылы 2023 жылғы 10 мамыр

Созақ ауданының Тасты ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 133-бабына сәйкес Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ:**

1. 2023 жылғы 18 маусымна Тасты ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы.

2. Әкімдікке кандидаттар ұсыну 2023 жылғы 11 мамырынан басталсын.

3. 2023 жылғы 18 маусымға тағайындалған Тасты ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі қоса беріліп отырған негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

4. Осы шешім аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және «Sozak uni» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы Ә.Сахиұлы
Комиссия хатшысы Р.Оспанов

* * *

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 10 мамырдағы №172 шешіміне қосымша

Созақ ауданы Тасты ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

- Тасты ауылдық округі әкімі сайлауын тағайындау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы (133-б.)
- Сайлау округінің тізімін, шекарасы мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 20 мамырға дейін (22-б.2-т.)
- Аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 20 мамырға дейін (13-б. 4-т.)
- Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 25 мамырға дейін

(17-б. 2-т.)
5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудан әкімі Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде- 2023 жылғы 25 мамырға дейін. (23-б. 5-т.)

6. Әкімдікке кандидаттар ұсыну Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар Сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге жиырма бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. (113-3-б. 1-т.)

7. Әкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау үшін жинақталған құжаттарды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі облыстық департаментке ұсыну

8. Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Әкімдікке кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.2-т.)

9. Әкімдікке өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған кандидаттарға, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Кандидаттың Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күндік мерзімде (113-4-б.)

10. Әкімдікке кандидаттарды қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін тарта отырып Қол қою парақтары аудандық аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде (113-4-б. 8-т.)

11. Созақ ауданы әкімі аппаратының шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу

Әкімдікке кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін) (113-5-б. 2-т.)

12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы). (113-5-б. 3-т.)

13. Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру

Мемлекеттік кіріс органдары Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 3-т.)

14. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен жиырма күн бұрын жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады (113-5-б.)

15. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)

16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру Аудан әкімдігі және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)

17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен

басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)

18. Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудан әкімдігі және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)

19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша аудан әкімі қол қойған сайлаушылардың тізімдерін учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша ұсыну

Аудан әкімі Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын- 2023 жылғы 29 мамыр (24-б. 5-т.)

20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну

Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда- 2023 жылғы 3 маусымнан бастап. (26-б. 1-т.)

21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету

Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 8 маусымнан бастап (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын- 2023 жылғы 15 маусым (37-б. 3-т.)

23. Сайлау беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда Жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де. (40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу Учаскелік сайлау комиссиялары Сайлау күні, жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін (38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскелерінде әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары Жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады. (43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу

Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды аудандық аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну

Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін–дереу (113-8-б. 1-т.)

28. Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей (113-10-б.)

29. Әкімді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей (44-б.)

30. Сайланған әкімді тіркеу, тиісті куәліктер беру Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін (45-б., 46-б. 3-т, 113-11-б. 1-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

2023 жылдың 18 маусымға тағайындалған Тасты ауылдық округі әкімінің сайлауын өткізуге Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мен учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары және орналасқан жерлері, шекарасы**Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы**

(Созақ ауданы мәслихатының «Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» 10.01.2019 жылғы № 219-35 VI шешімімен және 19.02.2020 жылғы №301 шешімімен бекітілген.)

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5ғимарат, «Мыңжылқы» мәдениет сарайы. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының телефон нөмері: 8 (725 46) 4 28 04.

| Р/с | Комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты | Туылған күні, айы, жылы | Ұлты | Білімі, мамандығы | Жұмыс орны, атқаратын қызметі | Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған |
|-----|----------------------------------------------|-------------------------|-------|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Сахиұлы Әбубәкір | 13.12.1953 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, зейнеткер; | "Ардагерлер ұйымы" |
| 2 | Мыңжасар Асқаров | 17.02.1945 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары, зейнеткер; | Созақ аудандық филиалы "AMANAT" партиясы |
| 3 | Оспанов Руслан Әлиұлы | 07.08.1992 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы | "SENIM денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы" |
| 4 | Бабиев Аманкелды Абибуллаевич | 14.07.1973 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Байтұрсынұлы» атындағы жалпы орта мектебі директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары | "Ауыл" партиясы |
| 5 | Айдаров Нұралы Тұрдыұлы | 06.08.1977 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы | Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті |
| 6 | Избалаев Бекберген Сатыбалдиевич | 04.04.1960 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Жұбанов» атындағы саз мектебінің директоры | "Қазақстан Республикасы жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлері одағы" қоғамдық бірлестігі" |
| 7 | Сармантаев Жетилген | 22.08.1954 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, зейнеткер; | "Ақжол" демократиялық партиясы |

(Жалғасы 7-бетте).

| қ/с | Сайлау учаскесінің нөмірі | Сайлау учаскесі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және шекарасы | Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы Орналасқан жері | (Соңы. Басы 6-бетте). |
|-----|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | Елді мекені 4 Көше 5 Үй 6 | 7 |
| 1 | 717 уск | Тасты учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Абай атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы: Тасты елді мекені, А.Бейсенбаев, Амангелді, Бауыржан, Жамбыл, Қажымұхан, Қазақстан, Сейфуллин, Жібек жолы, Наурыз көшелері. | Тасты ауылдық округі Тасты елді мекені | Комиссия мүшесінің аты – жөні, лауазымы және қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған |
| 2 | 718 уск | Қылти учаскесі Созақ аудандық орталық аурухана-сының Қылти медициналық бекеті Шекарасы: Қылти елді мекені. | Тасты ауылдық округі Қылти елді мекені | Мырзабеков Бағдат Отарбайұлы-комиссия төрағасы, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңының 19 бабы, 8 тармақшасына сәйкес Қойлыбаев Алмасхан Сейлханұлы-комиссия орынбасары, "Ақжол" демократиялық партиясы Казихбаев Агабек Мейрамбекович-комиссия хатшысы, «Ауыл» партиясы Жунисов Ерлан Жумабекович-комиссия мүшесі Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы Сабиров Марат Қайратович-комиссия мүшесі Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті Сәрсенов Серік Сүтемгенұлы-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы Қамбаров Темірәлі Садуақасұлы-комиссия орынбасары, "Ақжол" демократиялық партиясы Шанахов Асхат Мейрамұлы-комиссия хатшысы "Ауыл" партиясы Жумабаев Төлеугали Омарилович-комиссия мүшесі, Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы Асанова Тамара Сатымбекқызы-комиссия мүшесі, Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті |

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Тілсіз жаудың алдын ал!

Табиғат ресурстары тозбайтын, жоғалмайтын мәңгілік дүние, болмаса, сарқылмайтын қазына емес. Сондықтан да табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, өрттен, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек», - деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық. Сексеуілдің басты пайдасынан гөрі, бір күндік жылуын, қауап дайындауға таптырмас отын екендігін ойлап, ысырапсыз жарататындар көп. Мың күндігін емес бір күндігін ойлап, табиғатқа залал келтіретін жандар жетерлік. Тойымсыздықпен, ашкөздікпен құртылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еншісінде екені анық. Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Олардың да қоршаған орта үшін әкелетін зияны көп екенін ұмытпайық. Табиғат әсіресе, орманды жасыл желек адамзаттың бойына шаттық, көңіліне шабыт, сезіміне ерекше шабыт, сезіміне ерекше ләззат сыйлайтын ерекше сұлулық пен әдемілік әлемі. Табиғат – ананы орман өртінен сақтап қорғайық. Ол адамзат үшін ауадай қажет екендігін әрдайым естен шығармайық.

Лесбек ДӘУЛЕНБАЕВ,
Созақ аудандық орман шаруашылығының
аға орманшысы.

Жаратқан бір өзіңе пана болсын...

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ағайын-туысқа қамқор, ауданға жанашыр азамат болған **Айдарбеков Бағдат Бегманұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесін сағыныспен еске аламыз.



**Жүретін жан-жағына нұрын шащып,
Дос-жаранға әрдайым көңілі ашық.
Қалайша бұл өмірге симай кеттің,
Көрмеп едік ешқашан асып-тасып.
Халқыңа қадірлі едің сыйлы едің,
Біреулердің болғанын күндемедің.
Жүруші едің халқыңның қамын ойлап,
Еш жанды қиындыққа сүйремедің.
Сені ойлап балапаным қамығамын,
Қарт жүрегім езіліп сағынамын.
Ұрпақтарын аман қыл деп жаратқанға,
Күндіз-түні сынып жалынамын.
Жайтқан жерің жан ботам жайлы болсын,
Жаратқан бір өзіңе пана болсын.
Артыңда тыуыс-бауыр аман болып,
Алдың пейіш иманың серік болсын,** - деп, асыл әкеміз Бағдат Бегманұлының рухына бағыштап, жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 21 мамыр күні (20 мамыр – қонақ асы сағат 18:00-де) Шолақорған ауылы, Т.Аймұрзаев көшесіндегі өз шаңырағында сағат 12:00-де беріледі.

**Асқа шақырушылар:
Айдарбековтер әулеті.**

Дала, орман өрттерінен сақ болайық!

Табиғи дала орман өрттері найзағайдың әсерінен, күннің қатты яғни 45-50 С қыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады;

Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнделікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндірмей тастап кеткенінің әсерінен, кішкентай балалардың сіріңкемен ойнау нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Сондықтан да 2022 жылы болуы мүмкін дала және орман-тоғай өрттерінің алдын алу мақсатында төмендегі іс-шараларды орындау қажет:

- Шаруа қожалық иелері өздерінің егістік алқаптарының айналасына минералды жолақтар жүргізуі қажет;

- Барлық ауыл шаруашылық техникалары ұшқын ұстағыштармен, екі дана өрт сөндіру құралдарымен (огнетушитель) жабдықталуы тиіс;

- Мал азығын даярлау, егін ору кезінде шаруа қожалық иелері бірігіп ортадан бір өрт сөндіруге арналған соқалы тракторды кезекшілікке қою қажет;

- Дала, орман өрттерінің алдын-алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға;

- Дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап, орман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпі маусымы кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;

- Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз етілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек;

- Бидай немесе шөп ору науқанында желді күні ору жұмыстарын тоқтатуын қамтамасыз ету қажет.

Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы,
азаматтық қорғау капитаны.
Бейбіт ӘЛИЕВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Жарамсыз деп танылсын

«Филиал ТОО Торгово-Транспортная Компания ЦАПБ» иелігіндегі 2006 жылы шығарылған «Magyar L4 Bn» маркалы техниканың «1190 XC» санды мемлекеттік тіркеу белгісінің 1 данасы жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

«Филиал ТОО Торгово-Транспортная Компания ЦАПБ» иелігіндегі 2007 жылы шығарылған «Reliant Keraх 440 T» маркалы автокөлігінің «243 AD/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісінің 1 данасы жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шаралары

Жаздың ыстығында күнге және ыстық құмға қыздырыну, салқын суға шомылу жанға сондай жайлы. «Су сенің досың немесе дұшпаның».

Елімізде кішкентай балалар ғана емес, сонымен қоса ересек үлкен ағаларымызда суға кетіп өмірден қош айтысып жатыр. «Су мен от тілсіз жау». Балалардың суға кету себебі үлкендердің қарауынсыз қалу себебінен, ересектердің суға кету басымы көпшілігі мас күйінде суға шомылуы. Жас балалардың суға шомыла білмеуі, адамдардың суда қауіпсіздік ережелері, шараларын орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады. Сондықтан осындай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін, төмендегі ережелерді орындаған жөн:

I. Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары

- Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз;

- Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз;

- Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар;

- Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз;

- Суға түскенде бір-біріңізді көзден таса қылмаңыз;

- Қоршау белгілерінен, буйлардан тысқары аумаққа шықпаңыз;

- Техникалық ескерту белгілерінің, буйлардың және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар;

- Айналаңызда адамдар немесе құтқарушылар болмаса суға түспеген абзалырақ болады;

II. Аяқ-қол тырысуы (судорог) болғанда сіздің іс-әрекетіңіз Суық суда шомылу қол-аяқтың тырысып қалуына әкеліп соғады.

- Егер тырысу болғанда жүзуді тоқтатып суға арқаңызбен шалқалай жатыңыз, сабырлық сақтаңыз;

- Қолыңыздың саусақтары тырысып қалғанда жұдырығыңызды түйіңіз, қолыңызды бір жаққа қарай серпе лақтырып, жұдырығыңызды ашыңыз;

- Балтыр бұлшық еті тырысқанда бүгіліп қолыңызбен аяғыңыздың басын қысып бар күшіңізбен өзіңізге қарай тартыңыз, немесе аяғыңызды судың астына созып, аяғыңызды бармақтарын алға иіңіз. Содан соң балтырыңызды сылаңыз;

- Тырысу қойысымен тынығып алып, жүзудің басқа әдісімен жағаға шығыңыз

-Егер иірімге тап болсаңыз, кеудені кере дем алып, иірімнің астына сүңгіңіз;

IV. Суда қатты шаршаған кездегі іс-әрекет

Суда ұзақ шомылу шаршап - шалдығуға әкеліп соғады.

- Егер суда шаршасаңыз немесе тоңсаңыз тез арада жағаға қайтыңыз. Сабыр сақтаңыз.

Мағжан ӨСКЕН,

Созақ ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Бейбіт ӘЛИЕВ,

Бөлім бастығы азаматтық қорғау майоры.



Арқалы ақын жыр кешін өткізді

Жақында аудан орталығындағы Сұлтанбек Қожанов атындағы тарихи өлкетану мұражайында арқалы ақын, мәдениет қайраткері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі бірнеше жыр мұшайраларының жұлдегері, жерлесіміз Төреғали Ташеновпен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуді ұйымдастыруға мұражай директоры Ниязәлі Дүйсенбеков және ақын Қазақстан Жазушылар, Журналистер одақтарының мүшесі, мұражай қызметкері Гүлнар Өмірбек ұйытқы болды. Бір күн бұрын Төреғали Қарабұлақтан табылған балбал тастарды мұражайға салтанатты түрде табыс еткен еді. Сол кезде Ниязәлі Дүйсенбеков шығармашылық кеш өткізу жайлы Төреғалиға айтқан-тын. Ақын

Бұдан кейін оқырмандар, жиналған қауым Төреғалиға сұрақтар қойды. Кешке Н.Төреқұлов мектебінің шәкірттері де қатысты. Олар да ақын көкелеріне сұрақтар қойып, тұщымды жауап алды. Жартытөбе ауылынан келген белгілі журналист, радио саласының ардагері Ғалым Есенсариев Төреғали жайлы әңгімелер айтты. Оның талантты ақын, қарымды қаламгер екендігіне кеңінен тоқталды. Еңбек ардагері кезінде Төреғали мен әріптес болған Әшімхан Тәпі тамаша өткен күндер жайлы естеліктер айтты. Ақын Байділда Айдарбеков, «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, ақын Тұмартай Дінтайұлы, Әзімхан Бейсейітов сөз сөйледі. Кәмілжан Рысметов ақынның



ұсынысты қолдады. Сөйтіп, Төреғали ақынның жыр кеші оқырмандар мен аудан жұртшылығымен өткізді.

Төреғали Ташенов осы елдің төл тумасы, қазақтың Абай атындағы университетінің түлегі. Жартытөбе ауылында, Жаңатас қаласында шәкірт тәрбиелеген кейін Жаңатастағы қалалық газетте қызмет атқарған. Кейін Алматыға ауысып, республикалық «Айқын» газетінде қызмет еткен. Қазір Алматыда баспада қызмет атқарып келеді.

Жыр кешін мұражай директоры Н.Дүйсенбеков ашып, жүргізіп отырды. Гүлнар Өмірбек шығармашылығы жайлы шағын баяндама жасады.

**Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ.**

Ерлік елге-мұра, ұрпаққа ұран

5 мамыр күні аудан орталығы Шолаққорған ауылында 7 мамыр Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр Жеңіс күніне арналып мерекелік шаралар өтті. Мерекелік шара «Тең қоғам» мекемесінің алаңшасында басталды. Оған Ұлы Отан соғысының ардагері Мырзахмет Жылысбаев, мекеме басшылары, аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов және еңбек ардагерлері, ауданның Құрметті азаматтары, жергілікті БАҚ өкілдері қатысты. Ерлік мерекесіне арналған шараны аудан әкімінің орынбасары Қ.Оразов ашып, келген қонақтарды, соғыс ардагерлерін айтулы мерекемен құттықтады. Ауданымыздағы соғыстың соңғы солдаты, соғыс және еңбек ардагері М.Жылысбаев сөз сөйлеп, жиналғандарды мерекемен құттықтады. Бұдан кейін Н.Төреқұлов атындағы мектебінің жас жауынгерлерінің мерекелік шеруі болды. Олар әскери ойындар көрсетті. Мырзахмет ата жиналғандарға бата берді.



Бұдан соң мерекелік шараға келгендер «Мыңжылқы» мәдениет үйін бетке алды. Мұнда аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы, аудан әкімінің орынбасары Қ.Оразов аудан жұртшылығын Отан қорғаушылар күнімен, Жеңіс мерекесімен құттықтады. Әскерге шақырылып, аттанып бара жатқан жауынгерлерге М.Жылысбаев батасын беріп, аталық ақылын айтты, батасын берді. Аудан өнерпаздары әннен шашу шашып, көрермендердің көңілін көтерді.

Сағат 11 де жиналған қауым орталық саябақтағы жауынгерлер ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Бір сәт үнсіздік жарияланып соғыста, елге келіп дүниеден өткен соғыс ардагерлеріне арнап, құран оқылды. Аудан әкімінің орынбасары Қ.Оразов аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Еспенбетов, соғыс ардагері М.Жылысбаев сөз сөйледі. Аудан өнерпаздары патриоттық тақырыпта әндер шықрады. Түс әлетінде «Қуаныш-2» тойханасында жиналған қауымға арналған мерекелік дастархан жайылды.

9 мамыр күні аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков соғыстың соңғы солдаты М.Жылысбаевтың үйінде болып, ардагерге сый-сияпат тапсырды.

Түстен кейін «Бағдат» атшабарында Жеңіс мерекесіне арналған аламан бәйге болды.

Аудан жұртшылығы барып ұлттық ат спортын қызыға тамашалады.

С.МҰХИТ.

Бабатада өткен шара

Қасиетті Бабата ауылында «Ел бірлігі-ынтымақта» тақырыбында шара өткізілді. 7 мамыр Отан қорғаушылар күні өткізілген шара «Жеңімпаз солдат» ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Бұдан кейін құрылған сахнада мерекелік сөз сөйлеу мен өнерпаздардың концертіне ұласты. Жұртшылықты ынтымақ пен бірлікке үндейтін шарада республикамыздың түкпір-түкпірінен келген қонақтар мен аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, Созақ ауданының Құрметті азаматы Созақбай Әбдіқұлов, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әбірашұлы сондай-ақ Бабата ауылынан шыққан байырғы мемлекет қызметкерлері сөз сөйлеп, игі тілектерін жеткізді. Осы шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған М.Мәметова мектебінің түлектеріне аудан әкімінің Алғыс хаты табыс етілді. Астанадан, Алматыдан келген өнер жұлдыздары әннен шашу шашты. Сонымен қатар жергілікті өнерпаздар да өнер көрсетті. Алаңшаға тігілген киіз үйлердің алдында қонақтарға ұлттық киім киген қыздар қымыз бен қымыран ұсынды. Бұдан кейін жиналған қауым жаңадан пайдалануға



берілген Рахымжан Батырбаев атындағы спорт кешенінің ашылу салтанатына қатысты. Жаңа ғимараттың лентасы қиылды. Келген қонақтар мен ауыл тұрғындары судай жаңа ғимараттың ішін аралап көрді. Құтты болсын айтып, игі тілектерін арнады.

Түс әлетінде Ысқақ бап кесенесінің алдындағы қонақ куту жайында алыс жақыннан келген қонақтар мен ауыл тұрғындарына арналып жайылған дастарханның дәм татты. Дүниеден өткен кісілерге бағышталып құран оқылды.

Ас үстінде көптеген игі

жақсылар сөз сөйлеп, игілікті шара келесі жылдары да жалғасын табатындығын тілге тиек етті.

Иә, бұл шараны ұйымдастырушылардың ерен еңбегі оның өтілу барысында байқалып тұрды. Тіпті келген автокөліктердің орналастыру реті де ойластырылыпты. Ә дегеннен мықты ұйымдастырылғаны көзге ұрып тұрды.

Өңірдің тарихы мен оның қымбат жәдігерлері сақталған Бабата ауылынан келген қонақтар үлкен әсермен тастасты.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
**Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.